

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының
2026 жылғы корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат
(29.06.2026 ж. жағдай бойынша)**

P/№	Корпоративтік оқиға	Ақпарат	Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында орналастыру күні
1	«МАК» ӨСК» АҚ үлестес тұлғалары туралы мәліметтер	01.01.2026 ж. жағдай бойынша үлестес тұлғалардың тізімі.	12.01.2026ж.
2	Жалғыз акционер қабылдаған шешімдер туралы ақпарат	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 20 қаңтардағы №13 бұйрығымен мынадай шешімдер қабылданды: 1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі- Қоғам) 2024 жылға арналған аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін. 2. Қоғамның 2024 жылдың қорытындысы бойынша алынған 776 077 049 (жеті жүз жетпіс алты миллион жетпіс жеті мың қырық тоғыз) теңге 27 (жиырма жеті) тиын мөлшеріндегі таза пайдасы келесідей бөлінсін: 776 077 049 (жеті жүз жетпіс алты миллион жетпіс жеті мың қырық тоғыз) теңге 27 (жиырма жеті) тиын сомасындағы 100 (жүз) пайызы Қоғамның иелігінде қалдырылсын. 3. 2024 жылы Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жалғыз акционердің өтініштерінің жоқтығы туралы ақпараты назарға алынсын. 4. Қоғамның Басқарма төрағасы: 1) Қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу жөніндегі ұйымға жылдық қаржылық есептілікті жіберуді қамтамасыз етуге және осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қоғамның 2024 жылғы жылдық қаржылық есептілігі мен аудиторлық есебін бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауды; 2) осы бұйрықты қабылданған күнінен кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін. 5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментіне жүктелсін. 6. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып	21.01.2026ж.

		табылады және оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.	
3	Атқарушы орган құрамындағы өзгерістер туралы ақпарат	Директорлар Кеңесімен (2026 жылғы 13 ақпандағы № 2 шешімі) 16.02.2026 ж. бастап Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі Сапин Азат Маратулының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын	13.02.2026 ж.
4	Директорлар Кеңесінің ірі мәміле жасау туралы қабылдаған шешімі туралы ақпарат	Директорлар Кеңесімен (2026 жылғы 17 сәуірдегі №7 шешім) қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын (ірі мәміле) жасасуды мақұлдау туралы шешім қабылданды.	21.04.2026 ж.
5	«МАК» ӨСК» АҚ үлестес тұлғалары туралы мәліметтер	01.04.2026 ж. жағдай бойынша үлестес тұлғалардың тізімі.	27.04.2026ж.
6	Директорлар Кеңесінің ірі мәміле жасау туралы қабылдаған шешімі туралы ақпарат	Директорлар Кеңесімен (2026 жылғы 30 сәуірдегі №8 шешім) қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын (ірі мәміле) жасасуды мақұлдау туралы шешім қабылданды.	04.05.2026 ж.
7	Акционерлік қоғамның ірі мәмілелер жасауы туралы ақпарат	Қоғам 2026 жылғы 14 мамырда қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын (ірі мәміле) жасасты.	14.05.2026 ж.
8	Акционерлік қоғамның ірі мәмілелер жасауы туралы ақпарат	Қоғам 2026 жылғы 01 маусымда қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын (ірі мәміле) жасасты.	02.06.2026 ж.
9	Жалғыз акционер қабылдаған шешімдер туралы ақпарат	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 19 маусымдағы №260 бұйрығымен мынадай шешімдер қабылданды: 1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін. 2. Қоғамның Басқарма	29.06.2026ж.

		төрағасына осы бұйрыққа қосымшада көрсетілген Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларға қол қоюға өкілеттік берілсін. 3. Қоғамның Басқарма төрағасы осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын. 4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментіне жүктелсін. 5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.	
--	--	--	--